

## Жанкелдин ауданы көлеміндегі елді-мекендер аумағында төленетін жер салығының базалық мөлшерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Жанкелдин ауданы мәслихатының 2009 жылғы 22 шілдеде № 116 шешімі. Қостанай облысы Жанкелдин ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 тамызда № 9-9-109 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2009 жылғы 7 қыркүйектегі № 132 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2009.09.07 № 132 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы, 1 тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 387 бабының 1 тармағына сәйкес Жангелдин аудандық мәслихатының кезекті тоғызынышы сессиясы **ШЕШІТІ:**

1. Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыштар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкаларының мөлшері 50 пайызға және тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыштар мен ғимараттар алып жатқан жерлерге салынатын базалық салық ставкаларының мөлшері 50 пайызға өсіріліп, белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жангелдин аудандық мәслихаты  
кезекті тоғызынышы сессиясының  
төрағасы Р. Рыскелдин

Жангелдин аудандық мәслихатының хатшысы Т. Даркенов

**КЕЛІСІЛДІ**

"Жангелдин ауданы бойынша  
салық басқармасы" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
----- X. Зейнеке

22.07.2009 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК